Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 12 мамыр №7527-25-00-2/5109 ісі Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Акетаев азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап, тараптары**:**

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі РММ

ЖАУАПКЕР:
«Kosmos Auto» жеке кәсіпкері (Лалетин Константин Валентинович)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі РММ, жауапкер «Kosmos Auto» жеке кәсіпкері (Лалетин Константин Валентинович) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Kosmos Auto» (Лалетин Константин Валентинович) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілсін.

Жауапкер «Kosmos Auto» (Лалетин Константин Валентинович) жеке кәсіпкерден республикалық бюджет кірісіне 9250 (тоғыз мың екі жүз елу) теңге сомасында тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Шешімге тараптармен апелляциялық шағым, немесе прокурормен апелляциялық өтінішхат шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына беруге болады.

Құжатқа қол қойылған: Ақетаев Д. А., 12.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.06.2025, судья Ақетаев Д. А., 24.06.2025
7527-25-3-1/5429

Судья Д.А.Акетаев

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д. А., 12.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.06.2025, судья Акетаев Д. А., 24.06.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»